

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 319-322

КЕРЕЙ ҚОЙЫНЫҢ ТҰҚЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сұлтанов Ө.С., Сейітқажы Ж.

Қазақ халқы ежелден төрт түлік малды өсіруге айрықша көңіл бөлгені белгілі. Соның ішінде қой шаруашылығының алатын орны ерекше.

Бұл мақалада қазақ даласында ертеден өсіріліп келе жатқан қой тұқымдарының ерекшеліктері, олардың сипаттамасы және бүгінгі заман тұрғысынан алғандағы маңыздылығы жайлы сөз болады.

Ә.Н.Бөкейхановтың 1904 жылы Томск қаласында шыққан «Далалық өлкедегі қой шаруашылығы» («Овцеводство в Степном крае») атты еңбегінде 1896 жылдан 1901 жылға дейін, яғни 6 жыл ішінде Ф.А.Щербинаның жетекшілігімен өзі тікелей қатысқан Дала облыстарының (Семей, Ақмола және Торғай) 12 уезінде статистикалық зерттеулер жүргізген экспедицияның мәліметтеріне сүйеніп: «Қазақ (құйрықты) қойы, қысқа құйрықты қойлар типіне жатады, ал өлшемі бойынша ірі қойларға жатқызылуы мүмкін. Ал қазақ қойы тек Торғай облысында ғана жан-жақты зерттелген және оның нәтижелері Добросмыслов мырзаның тыңғылықты жазылған кітабында жарияланған», - депті [2].

Ол еңбегінде Добросмыслов: «Торғай қойы орыс қойларына қарағанда ірілігімен ерекшеленсе де, Сырдария, Ақмола және Жетісу қойларына қарағанда ұсақтау болып келеді. Біздің кестеде сонымен қатар Атбасар уезі бөлігіндегі Кеңтүбек болысының қойларының өлшемдері келтірілген - 18 ½ вершок, ал Атбасар уезінің оңтүстігінде «бағаналы» деп аталынатын қойлар солтүстіктегіге қарағанда ірілеу келетіні белгілі, сонымен бірге Қарқаралы уезінің оңтүстігіндегі «бесата» және Ақмола уезінің оңтүстігінде «тама» қойларының бойлары биік болып келеді және көбінесе дала жәрменкелерінде қой отарларына бағаны осыларға қарап белгілеп жатады. Сондықтан да қырғыз қойы бәрінен де ұсақ Зайсан қойын қоспағанда, ірі бойлы болып есептеледі, яғни 18 вершоктен жоғары. Профессор Кулешов «таза құйрықты қой кавказ бен көшпелі халықтарда ғана қалды. Оның негізгі тұрқы: ұзын мықты аяқтары, ұзын мойыны мен майлы қабаттары бұл тұқымның ұзақ жол мен азық жұтандығы жағдайында және құрғақшылықта ашыққан кезінде аса шыдамдылық танытатынын көрсетеді. Өте дөңес мұрынды, қатты қайырылған салпаң құлақтары (қысқа тік құлақтылары да болады), май жиналатын құйрықтары және мықты ұзын аяқтары бұл тұқымның аса үлкен ерекшеліктері болып саналғандықтан, оны ешкіммен шатастыруға болмайды. Сонымен бірге мүйізділері де, мүйізсіздері де болады» [3], - деп жазыпты.

Добросмыслов тағы былай деп жазады: «Қырғыз қойы үлкен бойлы, ірі денелі, түстері әртүрлі болып келетін төмен сапалы қылшық жүнді және майжиналып, екіге бөлінген томпақ құйрықты болғандықтан, майлы құйрықты тұқым деген атпен белгілі болып келеді; оның дене тұрқы мықты, ұзын әрі мықты аяқтарда орналасқан; басы аса үлкен емес, танауы қусырылған және қоңқиған, құлақтары салпиған, мүйіз (үлкен емес) кейбіреулерінде ғана кездеседі; алайда, кейде тіпті 4-5-6 «мүйіздері» бар қошқарларды да көруге болады» [3].

Жоғарыдағы деректерден өткен ғасырдың басындағы кең байтақ қазақ даласында «бағаналы», «бесата», «тама», «зайсан қойы» деп аталынатын жергілікті қой тұқымдары болғанын көреміз. Әр түрлі аймақта өсірілгендіктен олардың өзіндік тұқымдық ерекшеліктері мен өнімділік айырмашылықтары болғандығы сол замандағы зерттеулерде көрсетілген. Алайда, олар бүгінгі күнге құнды генетикалық ретінде жетпеді. Өйткені, оның басты бір себебі, Кеңестер үкіметі тұсында өндіріс қажеттіліктері деген себеппен жергілікті қылшық жүнді етті-майлы құйрықты қойлардың көпшілігін жаппай Ресейдің Еуропалық бөлігінен және шет елдерден әкелінген биязы жүнді қой тұқымдарымен будандастырылып биязы жүнді қой шаруашылығын құруға пайдаланды. Сондай науқанның барысында Қазақстандағы қой шаруашылығының негізгі бағыты биязы жүнді қой шаруашылығына айналды. Қылшық жүнді етті-майлы құйрықты қойлардың үлес салмағы өте азайып кетті. Жергілікті қойлардан тек елдің батысындағы еділбай тұқымы ғана сақталып қалды.

Дегенмен, аталарымыз ғасырлар бойы өсірген, сақталып қалған жергілікті қой тұқымдары бар еді. Алайда олар елден оқшау Қытай жерінде қалып қойған болатын. Олар негізінен Шыңжаң өлкесіндегі «Басбай» және Алтай аймағында өсірілетін тегене құйрықты қылшық жүнді қойлар еді. Соңғы аталған қойлардың біраз бөлігін Моңғолияның Баян-Өлгей аймағына қоныс аударған қазақтар алып кетіп, қаншама жылдар өсіріп жатты. Кейін бұл қойлармен асылдандыру жұмыстарын жүргізген ғалымдар мен мамандардың оның ішінде О.Хатран, Х.Самиланның еңбегінің нәтижесінде жаңа қой тұқымы болып бекітіліп, оған 1998 жылы «Керей қой тұқымы» деген ат берілді.

Ғалым О.Хатранның зерттеулеріне [1] қарағанда Батыс Монғолияда өсірілетін Қазақтың құйрықты қойын зерттеу жұмыстары Кеңес одағы мен Монғолияның біріккен экспедициясы құрылған 1932-жылдан басталады. Осы экспедицияның құрамында болған орыс ғалымы Я.Я. Лус Монғолияда өсірілетін жергілікті қойларды май құйрықты Монғол қойы, Қазақтың құйрықты қойы деп екіге бөледі.

Зоотехник ғалым Б.Пүрэв (1968), Б.Аюуш (1972), Б.Цэрэнжав (1972)тар өз еңбектерінде Монғолияның батыс өлкесін мекендейтін қазақтар ерте кезден бастап құйрықты қой өсіріп келгенін атап көрсетеді. Біздің ізденістеріміз кәзір Монғолияда мекендейтін қазақтар алғаш 1860- жылдары аталған көшіп келгенде осы қойын ала келгендігі анықталды. Демек сол жылдардан бастап Монғолияда құйрықты қой өсірілген [4].

Я.Я.Лус Батыс Монғолияда өсірілетін құйрықты қойларды анықтай келе тұлғасы берік, аса төзімді, денесі Монғол қойынан үлкен, сақа саулығының шоқтығының биіктігі 71,9 см, тұрқының қиғаш ұзындығы 72,8 см, кеудесінің орамы 90,6 см, тірідей салмағы 53,1 кг тартады деп анықтама жасаған.

Б.Пүрэв Моңғолияның Ховд аймағының Бұлғын сұмынында өсірілетін құйрықты қойдың шаруашылық, биологиялық кейбір ерекшеліктерін зерттеп келе төмендегідей сипаттама жасаған. Құйрықты қойдың денесі Монғол қойынан үлкен, тұлғасы берік, Алтай таулы аймағының қатал климатына жақсы бейімделген, жыл бойы жайылымда бағылады, қосымша азық ғажет етпейді. Жаз бен күз айларында жайылымнан шелдене семіреді, көктемгі салмағын 40-50 пайызға дейін қосып, құйрығы мен жаясына көп мөлшерде май жинайды. Сақа саулығының шоқтығының биіктігі 69,7 см, тұрқының қиғаш ұзындығы 72,8 см, кеудесінің орамы 93,4 см, тірідей салмағы 55,5 кг, жүнінің шығымы 1,42 кг, қошқарының тірідей салмағы 73,2 кг, жүнінің шығымы 1,56 кг деп көрсеткен. 1971-жылы жүрілген мал шаруашылығы экспедициясының мәліметтерінде саулық қойдың шоқтығының биіктігі 66,5 см, тұрқының қиғаш ұзындығы 60,3 см, тірідей салмағы 56,1 кг, жунінің салмағы 1,37 кг, қошқарының шоқтығының биіктігі 75,2 см, тұрқының қиғаш ұзындығы 72,7 см, тірідей салмағы 68,5 кг, жүнінің салмағы 2,05 кг деп көрсетілген. Экспедиция құйрықты қойды төзімді, тұлғасы берік, жайылымда жақсы семіреді, жаясы мен құйрығына май көп жыйнайды, қар тебіндеп жайылуға бейімелген берік тұяғы бар ұзын сыирақты, басының үлкендігі орташа, тұмсығы дөңестеу деп сипаттаған.

Құйрықты қойды жүздеген жылдар бойы ежелгі халықтық тәсілмен сұрыптап өсіріп келді. Тек 1980 жылдардан бастап селекциялық жұмыстар ғылыми негізде жүргізіле бастады. 1960 жылдардың соңын ала ауыл шаруашылық бірлестіктері мен шаруашылықтарда қойдың таңдамалы отарлары, 1970 жылдарда құйрықты қой өсіретін таңдаулы топтар мен фермалар құрылды. Аймақта құйрықты қой өсіретін мемлекеттік 1 ферма, аймақтық дәрежедегі 3 ферма, 4 тұқымдық мал өсіретін топ жұмыс істеп тұрды.

Керей тұқымы қойының дене құрылымы берік, дене пішінінде айтарлықтай ақау жоқ. Ғалым Я.Я. Лус (1930), Б. Пүрэв (1968) Батыс Монғолияда өсірілетін құйрықты қойдың дене құрылымы берік деп анықтаған.

1 - кесте. Керей тұқымы қойының дене бітімі

Көрсеткіштері	Сақа қошқар	Тоқты қошқар	Сақа саулық	Ұрғашы тоқты	Барлығы
Мал саны	60	60	60	60	240

Дене құрылымы (%)	Берік	100,0	100,0	93,3	95,0	97,1
	Дөкір	-	-	-	-	-
	Нәзік	-	-	6,7	5,0	2,9

Керей тұқымы қойының сақа қошқарлары 100 пайыз, сақа саулықтарының 97,7, ұрғашы тоқтыларының 95,0 пайызының дене құрылымы берік, сақа саулықтардың 6,3, ұрғашы тоқтылардың 5,0 пайызының дене құрылымы әлжуаз.

Керей қойының басы орташа, арқа, белі тегіс, етті де жалпақ, шоқтығы сауырынан аласа, сирағы салыстырмалы түрде қысқа, түзу, құйрығы көтеріңкі үлкен болып келеді. Сақа қошқардың шоқтығының биіктігі 72,6 см, сербегінің биіктігі 73,3 см, тұрқының қиғаш ұзындығы 75 см, кеудесінің орамы 95,1 см, кеудесінің кеңдігі 20,6 см.

2 – кесте. Керей қойының дене өлшемдері (см)

Көрсеткіштер	Сақа қошқар	Тоқты қошқар	Сақа Саулық	Ұрғашы тоқты
Шоқтығының биіктігі	72,6	65,7	62,5	60,8
Сауырының биіктігі	73,3	66,6	63,2	61,5
Тұрқының қиғаш ұзындығы	75,0	67,6	66,3	63,7
Кеуде тереңдігі	39,0	35,9	36,5	34,2
Кеуде кеңдігі	20,6	17,3	18,9	16,6
Кеуде орамы	95,1	85,0	86,3	82,8
Сауырының кеңдігі	21,1	17,7	19,4	17,2
Жіліншік орамы	9,0	7,9	8,0	7,9
Құйрық ұзындығы	6,9	5,7	6,1	6,3
Құйрық ені	16,0	13,3	14,3	13,6
Құйрық орамы	66,3	55,0	60,5	51,9

Сақа саулықтардың шоқтығының биіктігі 62,5 см, тұрқының қиғаш ұзындығы 66,3 см, кеудесінің орамы 86,3 см. Кеуде орамының жоғарғы шегі сақа қошқарларда 100 см, саулықтарда 92 см, тұрқының қиғаш ұзындығының жоғарғы шегі қошқарларда 82 см, сақасаулықтарда 71 см болды.

Ет өнімінің негізгі көрсеткіші малдың тірідей салмағы болып табылады. Керей қойы тұқымының жыл бойы жайылымда бағылатындықтан оның тірідей салмағы жыл мезгілі, ауа райы, бағып қағу сыяқты факторларға байланысты әр түрлі жағдайда, тербелісте болып келеді.

Керей қойының сақа саулықтары орта есеппен күзде 57,6 кг, сақа қошқарлар 74,5 кг, ұрғашы тоқты 47,8 кг, тоқты қошқар 53,9 кг, еркек тоқты 51,9 кг салмақ тартады.

Керей тұқымы қойының түр түсі, мінезі, сыртқы келбеті мен пішіні тағы басқа белгілерімен Моңғол қойынан ерекшеленеді.

3 – кесте. Керей қойының тірідей салмағы

Жас, жынысы	n	Lim	M±m	G	Cv
Сақа қошқар	228	67-89	74,5 ± 0,15	2,34	3,1
Тоқты қошқар	256	48-68	53,9 ± 0,31	5,0	8,3
Сақа саулық	78	48-65	57,6 ± 0,21	1,88	3,26
Ұрғашы тоқты	60	41-52	47,8 ± 0,37	2,92	6,1
Еркек тоқты	105	44-60	51,9 ± 0,01	2,27	4,37

Керей қойының түсі қызыл, қызылкүрең, жаясы мен құйрығына май көп жинайды, құйрығы көтеріңкі, үлкен, қар тебіндеуге бейімделген шымыр тұяқты, аяғы салыстырмалы түрде ұзын, құлқы (мінезі) жуас болып келеді.

Керей тұқымы қойының 250 інің түсін анықтағанда 90 нан астам пайызы қызыл және қызылкүрең болды. Керей тұқымы қойының түсі Моңғолияда өсірілетін басқа қойлардың түсінен анағұрлым бөлек болып келеді, себебі Моңғол қойларында қызыл түс кездеспейді.

Қорыта айтқанда Керей қойын қазақтар ерте кезден бастап өсіріп, халықтық селекция арқылы таза сақтап келген, сан жағынан өз ішінен таза өсіре беруге жеткілікті, сұрыптай таңдап, белгілі бір бағытта өсіргенде шаруашылық пен тұқымдық құнды белгілерін ұрпақтарына бекем жалғастыра алатын морфологиялық, физиологиялық және шаруашылыққа пайдалы қасиеттерімен дараланатын ерекшеліктері бар қой болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Хатран, О. Керей қойы. – Улаанбаатар қ, 2001. – 69 б.
- 2 Бөкейханов, Ә. Далалық өлкедегі қой шаруашылығы: монография. – Алматы: «Халықаралық жазылым агенттігі», аударғандар: Ө.С. Сұлтанов, А.М. Әлімжанова, А. Дайрабаева, 2014. – 124 б.
- 3 Добросмыслов, А.И. Скотоводство в Тургайской области, Орынбор, 1895 ж. – 15б.
- 4 Demberel, S. The relationship between the growth-rate of the lambs of native Mongolian ewes and the quantity of milk suckled and feed consumed. Állattenyésztés és Takarmányozás, 1994, 43, 1/2, pp 17-23.